



Ақмола облысы әкімдігінің  
2023 жылғы 16 мамыр  
№ А-5/186 қаулысымен  
бекітілген

**«Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімінің Жалғызқарағай ауылының Кирдищев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
ЖАРҒЫСЫ**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімінің Жалғызқарағай ауылының Кирдищев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мемлекеттік мекеме) тәрбие, білім беру функцияларын жүзеге асыру үшін мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Заңдарына, Президент пен Үкіметтің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес және осы Жарғының негізінде жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Ақмола облысының әкімдігі болып табылады (бұдан әрі – Құрылтайшы).

5. Мемлекеттік мекеменің өкілетті органы «Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады (бұдан әрі – өкілетті орган).

6. Мемлекеттік мекеменің атауы «Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімінің Жалғызқарағай ауылының Кирдищев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: 020114 индексі, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Жалғызқарағай ауылы, Орталық көшесі, 19.

**2-тарау. Мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі**

8. Мемлекеттік мекеменің дербес балансы, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы бар бланкілері, мөрлері бар.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Мемлекеттік мекеме өзінің қарауындағы ақшамен өз міндеттемелері бойынша жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

11. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін өз күшіне енеді.

### **3-тарау. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары**

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беруді жүзеге асыру, қосымша жалпы білім беру, қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

13. Мемлекеттік мекеме қызметінің басты мақсаты-қазіргі заман талаптарына сай жалпы білім беру бағдарламалары мазмұнының міндетті минимумын игерту, ойлау процестері мен рефлексия дағдыларын дамыту, қоғамның өзгермелі жағдайларына бейімделе алатын үйлесімді дамыған жеке тұлғаны дамыту.

14. Мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) мектеп жасына дейінгі балалардың дене және психикалық денсаулығын сақтау және нығайту, оларды салауатты өмір салты құндылықтарына тарту, медициналық қызметті жүзеге асыру, алғашқы медициналық-санитарлық көмекті (дәрігерге дейінгі) ұйымдастыру;

2) мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік және жеке дамуын қамтамасыз ету, олардың мүдделерін қанағаттандыру, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу негізінде қабілеттерін дамыту;

3) мектеп жасына дейінгі балалардың бастамашылығын, қызығушылығын, еріктілігін және шығармашылық өзін-өзі көрсету қабілетін дамыту;

4) балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру бағдарламаларын игеруі үшін жағдай жасау;

5) құзыретті тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған үлгілік оқу бағдарламаларын меңгеру арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау;

6) білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген ғылымның базалық негіздерін меңгеруді қамтамасыз ету;

7) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

8) өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, азаматтық пен патриотизмге, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге немқұрайлы қарамауға тәрбиелеу;

9) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

10) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу;

11). мемлекеттік қызмет көрсетеді.

15. Мемлекеттік мекемеде білім берудің үш деңгейі бар мектеп жұмыс істейді:

- 1) бастауыш білім беру;
- 2) негізгі орта білім беру;
- 3) жалпы орта білім беру.

16. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен машықтарын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, коммуникативтік дағдылардың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.

17. Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылымдар жүйесінің базалық негіздерін меңгеруіне, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі айқындауына және кәсіптік бағдарлануына бағытталған.

18. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша бейіндік оқытуды енгізе отырып, білім беру мазмұнын саралау, кіріктіру және кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленеді.

19. Мемлекеттік мекемеде оқу-тәрбие процесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес Үлгілік оқу жоспарлары мен Үлгілік оқу бағдарламаларын жаңартуда әзірленетін оқу жұмыс жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасы заңымен белгіленген шеңберінде оқытудың түрлері, әдістері және құралдарын таңдауға дербес деп саналады.

21. Мемлекеттік мекемеде оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау оқу жылына арналған оқу-тәрбие процесінің жоспарын және теориялық және практикалық сабақтардың кестесін бекіту арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік мекемеде оқу-тәрбие жұмысының нәтижелерін есепке алу оқушылардың үлгерімі мен қатысуын есепке алу және оқу бағдарламаларының орындалуын есепке алу бойынша сынып журналдарын жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік мекемеде «Күнделік» электронды сынып журналының жүйесі қолданылады.

22. Мемлекеттік мекемеде әскерге шақырылу немесе әскерге шақырылуға дейінгі жастағы оқушылардың бастапқы әскери дайындығы Қазақстан Республикасының заңымен бекітілген тәртіп бойынша жалпы орта білім берудің оқу бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады.

23. Білім алушылардың оқу жүктемесі, сабақ режимі денсаулық сақтау және білім беру органдарының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (МЖМБС), санитариялық қағидалар, үлгілік оқу жоспарлары мен ұсынымдары негізінде дайындалған мемлекеттік мекеме бекіткен ережемен айқындалады.

24. Жалпылай мойындалған халықаралық құқық және гуманизм принциптеріне қарама-қайшы келетін нәсілдік, этникалық, діни, әлеуметтік ымырасыздықты насихаттау, мелитаристік және басқа идеяларды тарату, сонымен қатар діни ерешеліктері көрсетілген киім киюге тыйым салынады.

Оқушыларға физикалық, моральдық және психикалық зорлық- зомбылық жасауға рұқсат етілмейді.

25. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын білім алушылардың игеруін бақылау мақсатында, мемлекеттік мекеме «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 [бұйрығына](#) сәйкес, білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылауды және қорытынды аттестаттауды жүзеге асырады.

26. Мемлекеттік мекеме автоматтандырылған ақпарат алмасуды және білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен деректерді өзектендіруді және ұлттық білім беру деректер базасында деректерді өзектендіруді қамтамасыз етеді.

27. Мемлекеттік мекемеде балаларды қабылдау бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік қағидаларына, мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету Қағидаларына сәйкес белгіленеді.

28. Оқу жылының ұзақтығы, каникул мерзімі мен ұзақтығы ҚР БҒМ бұйрығымен белгіленеді. Сабақ тәртібі мемлекеттік мекеме басшысының бекіткен сабақ кестесімен және күн тәртібімен белгіленеді. Оқушылардың сабақтары бір ауысымда өткізіледі. Оқушылармен жеке жұмыс, сыныптан тыс жұмыс кесте бойынша жүргізіледі.

29. Білім алушылардың саны мемлекеттік мекеменің жобалық сыйымдылығынан аспауы тиіс. Қашықтықтан оқыту нысаны бойынша білім алушылардың саны жалпы оқушылар санына кірмейді.

30. Сыныптардың толымдылығы 25 оқушыдан артық болмауы тиіс.

Шектеу іс – шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру жағдайында тиісті мемлекеттік органдар төтенше жағдай енгізуді, белгілі бір аумақта төтенше жағдайлар туындауын жүзеге асырған жағдайда, сынып-жиынтықтар сыныпта 15 білім алушыға дейін қалыптастырылуы мүмкін.

31. Білім алушылар білім беру ұйымында белгіленген киім нысанын күнделікті сақтауға міндетті.

Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарға сәйкес, мектеп формасы білім берудің зайырлы сипатына сәйкес келеді. Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында сақталады. Мектеп формасының түсі –қара көк түсті.

Мектеп формасына түрлі конфессиялардың діни киім элементтерін енгізуге жол берілмейді.

Ата-аналар мен басқа заңды өкілдер білім алушылардың мемлекеттік мекеме белгілеген мектеп формасын киіп жүруін қамтамасыз етеді.

32. Он алты жасқа дейінгі балаларды мемлекеттік мекемеден шығаруға құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, білім беру ұйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін уәкілетті органның шешімі бойынша ерекше жағдайларда жол беріледі.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару туралы шешім қамқоршылық және қорғаншылық органдардың келісімімен қабылданады.

Пробация қызметінің есебінде тұрған кәмелетке толмағандарды мемлекеттік мекемеден шығару туралы шешім пробация қызметінің келісімімен қабылданады.

33. Мемлекеттік мекеме жанында толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық жұмыс істейді.

Мектепке дейінгі шағын орталық мектепке дейінгі жастағы балаларды жан - жақты дамыту және баланы тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыруда олардың ата-аналарын консультациялық-әдістемелік қолдау, балаларды әлеуметтік бейімдеу мақсатында құрылған және жоспарлы толықтырылуы кезінде мынадай жас топтары бар:

- 1) 2 жастан 3 жасқа дейін ( кіші топ)
- 2) 3 жастан 4 жасқа дейін (ортаңғы топ)
- 3) 4 жастан 5 жасқа дейін (ересек топ)
- 4) 5 жастан 6 жасқа дейін (мектепалды даярлық тобы)

34. Мектепке дейінгі шағын орталыққа балаларды қабылдау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

35. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мектепке дейінгі жастағы балаларға тән қызмет түрлерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде әзірленеді.

36. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің жалпы білім беру бойынша оқыту бағдарламасы:

1) балаларды тәрбиелеудің, оқытудың, дамытудың және сауықтырудың бірлігі қағидатын ескере отырып, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етеді;

2) олар әр баланың икемділігін, зеректігін, қабілеттерін, дарындылығын жүзеге асыруға және оны даму ерекшеліктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсіл негізінде бастауыш білімнің білім беру бағдарламасын игеруге дайындауға бағытталған.

37. Мектепке дейінгі оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары оқудың, жазудың, есептеудің және тілдік қарым-қатынас тәжірибесінің қарапайым дағдыларын қалыптастырады және бастауыш білім беруді меңгеру үшін тең бастапқы жағдайлар жасауды көздейді.

38. Білім беру процесін ұйымдастыру мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленетін және бекітілетін балаларды дамытудың жалпы білім беру бағдарламасымен айқындалады және регламенттеледі.

39. Оқу-тәрбие үрдісі балалар үшін арнайы болып табылатын қызметтің түрлерін ескере отырып жүзеге асырылады: ойындар, құрастыру, бейнелеу, музыкалық, театрландырылған, қозғалыс белсенділігі, сондай-ақ балаға жеке тұрғыдан қарауды, балалардың психологиялық және жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың әртүрлі кіші топтармен жұмыс жасау мүмкіндігін көздейді.

40. Негізгі оқу қызметі сабақ кестесіне сәйкес жүргізіледі.

41. Мемлекеттік мекемеде кепілдік нормаларға сай тамақ өнімдерімен тамақтандыру қамтамасыз етіледі. Балалардың күн тәртібін есепке ала отырып тамақтануы жас ерекшеліктеріне қарай, тамақтың жиілігі санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес анықталады.

42. Баланы мектепке дейінгі шағын-орталықта күтіп-бағу үшін ата-аналардан немесе оларды алмастыратын адамдардан алынатын ай сайынғы төлемнің мөлшері баланың жасына қарамастан, тамақтануға жұмсалатын шығындардың 100%-ын құрайды.

43. Келесі жағдайларда баланың мектепке дейінгі шағын орталықта орны сақталады:

1) баланың аурулары;

2) баланы медициналық, санаторий-курорттық және өзге де ұйымдарда емдеу және сауықтыру;

3) ата-анасының біреуіне еңбек демалысын беру;

4) баланы жазғы кезеңде екі айға дейінгі мерзімге сауықтыру.

44. Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі шағын орталық топтарынан шығару келесі жағдайларда жүргізіледі:

1) баланы күтіп-бағу үшін ай сайынғы төлемнің уақтылы төленбеуі (төлемнің белгіленген мерзімінен бастап күнтізбелік он бес күннен артық төлемді кешіктіру);

2) бала дәлелді себептерсіз және әкімшілікке ескертусіз бір айдан астам уақыт өткізіп алған жағдайларда;

3) дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамасы негізінде оның болуына кедергі келтіретін медициналық қарсы көрсетілімдер болған кезде.

45. Мемлекеттік мекемеде оқыту мен тәрбиелеу мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

46. Мемлекеттік мекемеде тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

47. Мемлекеттік мекемеде қолданыстағы заңнамаға сәйкес балалар мен жасөспірімдерді медициналық қамтамасыз ету ұйымдастырылады.

48. Мемлекеттік мекемеде алқалық басқару органдары: Мемлекеттік мекеме кеңесі, педагогикалық кеңес, ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңесі және педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес жұмыс жасайды.

49. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер құқылы:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) оқу жоспарларына сәйкес балама курстарды таңдауға;

3) білім беру ұйымдарында ақпараттық ресурстарды, оның ішінде мүгедектерге, мүмкіндіктері шектеулі балаларға қолжетімді нысанда тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен, оның ішінде мүгедектерге, мүмкіндіктері шектеулі балаларға дайындалғандармен қамтамасыз етуге;

4) спорт, оқу, салтанат залдарын, компьютерлік сыныптар мен кітапхананы тегін пайдалануға;

5) өзінің пікірін және сенімін еркін білдіруге;

6) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;

7) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермелеуге.

Білім алушылар мен тәрбиеленушілер міндетті:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, іскерлікті, практикалық дағдыларды және құзыреттерді меңгеру, ішкі тәртіп қағидаларында, білім беру ұйымының жарғысында көзделген талаптарды сақтауға;

2) өз денсаулығын күтуге, рухани және дене бітімін жетілдіруге ұмтылуға;

3) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға;

4) өздері білім алатын оқу орнының дәстүрлерін, педагог қызметкердің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге.

50. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері құқылы:

1) баланың қалауын, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ұйымдарын таңдауға;

2) ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға;

3) білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпаратты алуға;

4) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары бойынша консультациялық көмек алуға;

5) балаларының шарттық негізде қосымша қызметтер алуға.

Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдері міндетті:

1) балалардың өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдай жасауға, олардың зияткерлік және дене бітімінің дамуын, адамгершілік тұрғыдан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) Мемлекеттік мекеме жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға;

3) Мемлекеттік мекемеде балалардың сабақтарға қатысуын қамтамасыз етуге;

4) Мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

5) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға міндетті.

51. Педагог қызметкердің құқықтары мен міндеттері.

Кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде педагог құқылы:

1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтау шартымен кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

2) лауазымды және басқа да адамдар тарапынан заңсыз қарым-қатынастан және кедергіден қорғануға;

3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қарауға;

4) кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етілуге;

5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда шығармашылық бастамашылыққа, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқу құралдарын, оқу материалдары мен оқыту, тәрбиелеудің өзге де құралдарын таңдауға;

8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметінің өзге де компоненттерін, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;

9) жұмыс орны бойынша сайлану және сайланбалы лауазымға орналасуға;



10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

11) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;

12) кемінде бес жылда бір рет біліктілігін арттыруға;

13) үздіксіз кәсіптік дамыту және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;

14) біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогикалық қызметті жүзеге асыруға;

16) кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін көтермеленуге;

17) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын қолдау және арттыру үшін «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;

19) ұйым басшысының өзіне қатысты қабылдаған актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағымдануға;

20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтетуге;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға.

Педагог:

1) өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді меңгеруге;

2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;

3) өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттыруға (растауға);

4) педагогтік әдепті сақтауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден өтуге;

6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

7) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары адамгершілік, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

9) білім беру ұйымының басшылығына өмірлік қиын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға;

10) құқық қорғау органдарына және білім беру ұйымының басшылығына қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмететке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу, оның ішінде білім беру ұйымынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауға;

11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне консультация беруге міндетті.

Педагог білім беру процесін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшілігін насихаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануға құқылы емес.

Міндеттерін бұзғаны және педагог атағына нұқсан келтіретін теріс қылық жасағаны үшін педагог Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

52. Мемлекеттік мекеме осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

53. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының, жергілікті атқарушы органның, прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

#### **4-тарау. Мемлекеттік мекемені басқару**

54. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

55. Құрылтайшы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;
- 2) мемлекеттік мекеменің жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 3) коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта құру және тарату туралы шешім қабылдайды;

4) мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;

56. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;  
2) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;  
3) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылу тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

4) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

5) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;

6) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

7) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға, мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

57. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекеме басшысы тиісті саланың уәкілетті органымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

58. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

59. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

60. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

61. Мемлекеттік мекеменің қызметін жүзеге асыру барысында мемлекеттік мекеменің басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;

3) шарттар жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің

біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

6) банк шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) тиісті саланың уәкілетті органы тағайындайтын қызметкерлерден басқа, мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу және жазалау шараларын қолданады;

10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапты болады;

12) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылауды жүзеге асырады және ол үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## **5-тарау. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі**

62. Мемлекеттік мекеме мүлкінкұны оныңтеңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыалардың:

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

63. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

64. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда білім беру (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

65. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, мемлекеттік мекеменің қызметі бюджеттен қаржыландырылады.

66. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

67. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

## 6-тарау. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

68. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

## 7-тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

69. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

70. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

## 8-тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

71. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

72. Мемлекеттік заңды тұлға, заңнамалық актілермен басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

73. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

74. Таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

## 9-тарау. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

75. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Басшы Нурахмет С.  
Т.А.Ә.



ҚОЛЫ

Утвержден  
постановлением акимата  
Акмолинской области  
от 16.05.2023 года  
№ A-5/186

**УСТАВ**  
**коммунального государственного учреждения**  
**«Общеобразовательная школа имени Кирдищева села Жалгызкарагай отдела**  
**образования по Аккольскому району управления образования Акмолинской**  
**области»**

**Глава 1. Общие положения**

1. Коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная школа имени Кирдищева села Жалгызкарагай отдела образования по Аккольскому району управления образования Акмолинской области» (далее – государственное учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме учреждения для осуществления воспитательных, образовательных функций.

2. Вид государственного учреждения: коммунальное.

3. Учредителем государственного учреждения является акимат Акмолинской области (далее Учредитель).

4. Уполномоченным органом соответствующей отрасли является государственное учреждение «Отдел образования по Аккольскому району управления образования Акмолинской области» (далее - уполномоченный орган соответствующей отрасли).

5. Наименование государственного учреждения: Коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная школа имени Кирдищева села Жалгызкарагай отдела образования по Аккольскому району управления образования Акмолинской области».

6. Местонахождение государственного учреждения: индекс 020114, Республика Казахстан, Акмолинская область, Аккольский район, село Жалгызкарагай, улица Орталық, 19.

## **Глава 2. Юридический статус государственного учреждения**

7. Государственное учреждение имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печати с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием государственного учреждения.

8. Государственное учреждение не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

9. Государственное учреждение отвечает по своим обязательствам, находящимся в его распоряжении деньгами. При недостаточности у государственного учреждения денег субсидиарную ответственность по его обязательствам несет Республика Казахстан или административно-территориальная единица средствами соответствующего бюджета.

10. Гражданско-правовые сделки в государственном учреждении вступают в силу после их обязательной регистрации в территориальных подразделениях казначейства Министерства финансов Республики Казахстан.

## **Глава 3. Предмет и цели деятельности государственного учреждения**

11. Предметом деятельности государственного учреждения является обучение и воспитание обучающихся в интересах личности, общества, государства.

